

*Р. Ш. Сабирова, психология кафедрасының меңгерушісі, доцент, психология ғылымдарының кандидаты;*

*С. М. Нұрғалиева, психология кафедрасының аға оқытушысы*

*(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)*

## **ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Тұлғалық өзін-өзі анықтау ерте жастық шақтың негізгі психологиялық жаңа құрылымы ретінде қарастырылады, себебі өзін-өзі анықтауда жоғары сынып оқушыларының өмірлерінің жағдайларының ең маңыздысы, олардың әрқайсысына қойылатын талаптар көрінеді. Бұл көптеген жағдайларда осы кезеңде тұлғаның дамуын анықтайтын әлеуметтік жағдайды сипаттайды.

Кәсіби өзін-өзі анықтау — болашақ өмірлік жолымен кәсіпті таңдаумен байланысты әрекеттердің жиынтығы болып табылады. Кәсіпті таңдау келесі факторлармен сипатталады: кәсіпті шынайы таңдаудың сәттілігі таңдаушының болашақ кәсібінің қойылатын талаптары туралы қаншалықты білетіндігі, өз қабілеттерінің осы талаптарға қаншалықты сәйкес келетіндігі, сонымен қатар, болашақ кәсіпті таңдау ата-аналардың білім деңгейі мен атқаратын жұмысына және т. б. байланысты. Жастық шақтағы кәсіби өзін-өзі анықтаудың сәттілігі өмірдің барлық жақтарына — тұлғаның өзіндік жүзеге асыруына, яғни өмірге, болашақ жанұялық өмірге деген қанағаттануға әсер етеді<sup>1</sup>.

Кәсіпті таңдау — көптеген жағдайларда кәсіби өзін-өзі анықтау деп аталатын ұзақ үрдіс. Онда тек кәсіпті таңдаушы ғана емес, сонымен қатар, басқа адамдар да (ата-аналар, оқытушылар, құрбылар және т. б.) қатысты болады. Кәсіби өзін-өзі анықтау деп оқушының болашақ өмір жолы болатын кәсіпті таңдауға байланысты жасайтын әрекеттер жиынтығы қарастырылады.

Онтогенездің осы кезеңінде тұлғаның қалыптасуына байланысты сұрақтарды зерттеген психологтар, соның ішінде Л. И. Божович, К. А. Абульханова-Славская және т. б.<sup>2</sup>

Бұл ішкі позиция бойынша болашаққа ұмтылуы тұлғаның негізгі бағыттылығына айналып, кәсіп пен болашақ өмірлік жолды таңдау мәселесі жоғары сынып оқушыларының қызығушылықтарының, жоспарларының ортасында болады.

Ер бала (бойжеткен) ересек адамның ішкі позициясын ұстануға, өзін қоғам мүшесі ретінде сезініп, әлемдегі өз орнын анықтауға тырысады, яғни, өз орнын және өмірінің мәнін түсінуі мен қатар өзін және өз мүмкіндіктерін түсінуге тырысады.

Әдебиетте «өзін-өзі анықтау» термині әртүрлі мағыналарда қолданылады. Мысалы, тұлғаның әлеуметтік, өмірлік, кәсіби, рухани, жанұялық, діни өзін-өзі анықтауы туралы айтуға болады. Сонымен қатар, біртекті терминдердің астында әртүрлі мағынаны табуға болады.

Бұл жерде әлеуметтану мен психологияның өзара байланыстарын, зерттеу әдістерін қарастырмай, әлеуметтануда өзін-өзі анықтауды белгілі құрылымға кіру деп қарастырса, психологтар оны үрдіс деп қарастырады, яғни оларды индивидті әлеуметтік құрылымдарға кез келген енуді қамтамасыз ететін психологиялық механизмдер қызықтырады.

Өзін-өзі анықтау мәселесіне деген психологиялық бағыттың әдіснамалық негіздерін Л. И. Божович анықтаған. Бұл контексті негізінде өзін-өзі анықтау сыртқы детерминацияға қарағанда өзін-өзі детерминациялау болып табылады, яғни, өзін-өзі анықтау түсінігінде „ішкі жағдайлардың“ белсенді табиғаты көрініс табады<sup>3</sup>.

Адамның деңгейіне қатысты С. Л. Рубинштейн бойынша өзін-өзі анықтау түсінігінде детерминизм принципінің мәні, көрінеді: «оның мәні өзін-өзі анықтаудың ішкі сәттерінің рөлін көрсетуді, өзіне деген сенімділігінде, сыртқыға деген біржақты емес бағынуында». Адам өмірінің спецификасы өзін-өзі анықтаудың басқалармен (шарттармен, жағдайлармен) арақатынасында, өзін-өзі анықтау сипатының адамның санасымен әрекеттердің бар болуымен байланыстылығында болып табылады.

С. Л. Рубинштейннің бағытын өзінің еңбектерінде К. А. Абульханова-Славская жалғастырды, оның айтуынша, өзін-өзі анықтаудың орталық моменті болып табылатын өзін-өзі детерминациялау, өзіндік белсенділік, белгілі позицияны иеленуге деген талпыныс.

К. А. Абульханова-Славская бойынша, өзін-өзі анықтау — қатынастар жүйесі координаталары ішінде қалыптасатын тұлғаның өзінің позициясын сезіну. Сонымен қатар, оның айтуынша тұлғаның өзін-өзі анықтау мен қоғамдық белсенділігі қатынастар жүйесінің (ұжымдық субъектіге, ұжымдағы өзінің орны мен басқа мүшелеріне деген қатынасы) қалыптасуына байланысты болады<sup>4</sup>.

В. Ф. Сафин мен Г. П. Ников тұлғаның қоғамдағы өзін-өзі анықтаудың жалпы бағытын құрастыруға тырысты. Тұлғаның өзін-өзі анықтаудың мәнін психологиялық тұрғыда қарастыру санасезімнің субъективтік жағына, яғни, әлеуметтік жетілудің ішкі себебі болатын өзінің «Мен»-ін сезінуіне негізделеді. Олардың айтуынша, «тұлғаның өзін-өзі анықтауы» «әлеуметтік жетілген» тұлғаның синонимі болып табылады.

Психологиялық тұрғыда өзін-өзі анықтаған тұлға — бұл «өзінің не қалайтынын (мақсаттарын, өмірлік жоспарларын, мұраттарын), ненің қолынан келетінін (өз мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қалауларын), өзінің кім екендегін (өзінің тұлғалық және физикалық қасиеттерін), өзінен ұжым, қоғам не талап ететінін білетін субъект», яғни қоғамдық қатынастар жүйесінде даярланған субъект. Осыған байланысты, өзін-өзі анықтау индивидтің мақсаттары мен өмірлік мазмұнының қалыптасуы арқылы көрінетін мамандандырудың дербес кезеңі, тұлғаның қоршаған адамдар мен қоғамның оған деген қойлатын талаптарға өзінің қасиеттерін, мүмкіндіктерін сәйкес келтіру болып табылады<sup>5</sup>.

Өзін-өзі анықтаудың маңызын көрсете отырып, Л. И. Божович оған деген анықтама бермейді, оны «болашақ жолын таңдау, еңбекте, қоғамда, өмірде өз орнын табуға деген қажеттілік», «өзінің өмір сүруінің мақсаты мен мағынасын іздеу», «өмірдің жалпы ағымында өз орнын табуға деген қажеттілік» деп қарастырған.

Өзінің кештеу шыққан еңбектерінде Л. И. Божович өзін-өзі анықтауды жоғары сыныптағылардың өзінің ересек адам ретінде ішкі позициясын қалыптасуымен, өзінің қоғам мүшесі ретінде сезінуі, болашақпен байланысты мәселелерді шешу қажеттілігімен байланысты тұлғалық жаңа құрылымы ретінде сипаттайды.

Л. И. Божовичтің еңбектерінде көрсетілгендей, өзін-өзі анықтауға деген қажеттілік онтогенездің белгілі кезеңінде пайда болады — жоғары жеткіншектік жаспен ерте жастық шақтың аралығында және жеткіншектің тұлғалық және әлеуметтік дамуы логикасының қажеттілігінен туындайды. Біріншіден, өзін-өзі анықтауға деген қажеттілік әлем және өзі туралы көзқарастары жинақталған белгілі мағыналық жүйенің қалыптасуына деген қажеттілік деп қарастырылады, екіншіден, бұл жүйенің қалыптасуы өзінің жеке өмір сүруінің мағынасына қатысты сұраққа жауап беру болып табылады, үшіншіден, өзін-өзі анықтау жоғары жеткіншектік жаспен ерте жастық шақтардың маңызды сипаттамасы мен тығыз байланысты, болашаққа деген ұмтылу, төртіншіден, өзін-өзі анықтау кәсіпті таңдау деп түсіндіріледі, бірақ тек онымен шектелмейді (кәсіпті таңдаумен «байланысты») [3].

Оны екі кезеңдерге бөлуге болады: кәсіби ниеттің және шынайы таңдаудың қалыптасуы. Бірінші кезеңде ойынның элементтерін, белгілі кәсіби рөлге байланысты арманды және алдын-ала таңдауды ажырату қажет. Ойын барысында бала өзіне әртүрлі кәсіби рөлдерді иеленеді және соған байланысты жүріс-тұрысты жандандыруға тырысады (көбіне оның сыртқы бейнесін). Жеткіншек жасында балаларда нақты кәсіби іс-әрекет жайлы армандары пайда болады. Оқушылардың көбісінде бұл арман нақты емес және тұрақты емес болады [4].

Алдын ала таңдау оқушылардың кәсіптермен танысып, кәсіпті таңдауға немесе болашақ кәсіптердің ұнаған түріне (техникамен, адамдармен, жануарлармен немесе басқа объектілермен) байланысты алғашқы шешімдірге келу жағдайында қалыптасады. Оқушы тандап қана қоймай, кәсіптерді өз бойына иеленіп көреді. Оқушылардың кейбіреулерінде өздерінің шынайы таңдауы тоғызыншы сыныпты аяқтау алдында, ал басқаларында орта мектепті аяқтау алдында. Бірақ, кейбір оқушылар болашақ кәсібін мектеп бітіргеннен кейін таңдайды, яғни, олардың кәсіби өзін-өзі анықтауы ұзаққа созылады деп айтуға болады. Әлеуметтік бағдарлануды еңбектің белгілі түрлеріне деген бағдарлану деп түсінітін Ф. Р. Филиппов өмірлік жоспардың қалыптасуы үшін бағдарланудың дербес мәнділігін белгілеген. Бұл жағдайда тек еңбектің сипатына ғана емес бағдарлану туралы айтпай,

тұлғаның нақты бір орынға, немесе дәлірек айтатын болса, нықты әлеуметтік дәрежеге кең көлемде және тұлғалық маңызды бағдалану туралы айтқан дұрыс болады [5].

Сонымен, кәсіби өзін-өзі анықтау жағдайында оптималды таңдауды жасау үшін өмірлік оқиғалардың өзара байланысы мен осы бейнені болашаққа негізделетін елестету бейнесін құрастыру дағдыларын иелену керек. Мәліметтерге сүйенетін болсақ мектеп бітірушілердің танымдық өрісі мұндай күрделі әрекеттерге дайын еместігін көрсетеді. Кәсіби өзін-өзі анықтауда кәсіп туралы пікір маңызды мотивациялық қызметті атқарады: оның әртүрлі жақтарына деген эмоционалдық қатынасын анықтайды және оқушының кәсіби ниеттеріне ықпал етеді. Оқушының таңдалған кәсіп туралы елестері қаншалықты шынайы болса, оған деген қатынасы соншалықты дұрыс және осы таңдау соншалықты тұрақты болады.

Кәсіпті шынайы таңдаудың сәттілігі көбіне таңдаушының кәсіптің талаптары, өзінің қабілеттерінің, қызығушылықтары мен денсаулығының оларға сәйкестілігі жайлы қаншалықты жақсы ақпараттанғанына байланысты. Сонымен қатар, кәсіпті таңдаудың сәттілігі оқушының объективті жағдайларды ескере алуына байланысты болады. Бұл жағдайларға, ең алдымен, қоғамның қажеттіліктері жатады. Өз таңдауын осы қажеттіліктермен келісімділігі — тек мемлекеттің ғана емес тұлғаның өзінің қызығушылықтарына жатады.

Осыған орай, кәсіби өзін-өзі анықтау жағдайына келгенде мектеп бітірушілер арнайы психологиялық қызметтердің толық дәрежеде жетілмегендігіне байланысты ересек, жеткілікті дәрежедегі таңдау жасауға дайын емес. Соңында, тұлғалық психодинамиканың ықпалын, қалауындағын шынайы деп қарастыруды немесе жағымсыз күтулерді ығыстыруға деген бейімділікті ескеру қажет.

Кәсіби өзін-өзі анықтауда кәсіп туралы пікір маңызды мотивациялық қызметті атқарады: оның әртүрлі жақтарына деген эмоционалдық қатынасын анықтайды және оқушының кәсіби ниеттеріне ықпал етеді. Оқушының таңдалған кәсіп туралы елестері қаншалықты шынайы болса, оған деген қатынасы соншалықты дұрыс және осы таңдау соншалықты тұрақты болады.

- 
- <sup>1</sup> Кухарчук А. М. Ценципер А. Б. Профессиональное самоопределение учащихся. — Минск, 1987.
  - <sup>2</sup> Кон И. С. Психология старшеклассников. — М., 1982.
  - <sup>3</sup> Божович Л. И. Проблемы формирования личности. — М., 1997.
  - <sup>4</sup> Абульханова-Славская К. А. Деятельность и психология личности. — М., 1989.
  - <sup>5</sup> Алексеев В. А. Самосознание и мотивация деятельности на рубеже подросткового и старшего школьного возраста // Проблемы мотивации общественно полезной деятельности школьников. — М., 1989.